




Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

Жастардың негізгі страталарының мәселелері мен қажеттіктері

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА


Проблемы и потребности основных страт молодежи

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Нұр-Сұлтан, 2020



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

Жастардың негізгі страталарының мәселелері мен қажеттіктері

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

Нұр-Сұлтан, 2020

«Жастардың негізгі страталарының мәселелері мен қажеттіктері» әлеуметтік зерттеу/Руднева Е.А., Қожабекова Д.А., Мұхамбетова Қ.А. – тартылған сарапшы: «Жастар» F3O, Нұр-Сұлтан, 2020. – 104 б.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша жастар арасында жаппай республикалық сауалнама тарату әдісімен жүргізілген «Жастардың негізгі страталарының мәселелері мен қажеттіктері» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне негізделген.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу институты, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
Өлеуметтанулық зерттеу бағдарламасы	6
1. ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАҒДАРЛАРЫ	11
1.1 Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері және өмірге қанағаттану	11
1.2 Жастардың субъективті қауіпсіздігі мен қорғалу деңгейі	14
1.3 Негізгі құндылықтар: отбасы және денсаулық	16
2. ДЕНСАУЛЫҚ	21
2.1 Медициналық көмек алу тәжірибесі мен шарттары	21
2.2 Өмір салты мен әдеттері	23
3. ЖАСТАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	29
3.1 Материалдық әл-ауқат деңгейі	29
3.2 Жастардың қажеттіліктері мен бастан кешетін қиындықтары	31
4. БІЛІМ БЕРУ	35
4.1 Респонденттердің білім деңгейі бойынша бөлінуі	35
4.2 Білім сапасына қанағаттанушылықты бағалау	36
4.3 Білім беру саласындағы мәселелер	38
5. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ	43
5.1 Жастардың жұмыспен қамтылу ерекшеліктері	43
5.2 Еңбек саласындағы қажеттіліктер, мобильділік және негізгі қиындықтар ...	47
5.3 Жұмыс іздеу стратегиясы және жұмыспен қамтуды қолдау	50
6. БОС УАҚЫТ	54
6.1 Жастардың бос уақытының құрылымы. Демалыс сапасы	54
6.2 Бейресми субмәдениеттерге қатынасы	58
7. ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БАҒЫТЫ	61
ҚОРЫТЫНДЫ	67
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІБИЕТТЕР ТІЗІМІ	73
Қосымша	74

КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жастар – Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы азаматтары [1]. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, жастар жас ерекшеліктері және онымен байланысты қызмет түрлеріне негізделген топтық қауымдастықтардың жиынтығы ретінде анықталады. Осы тұрғыдан алғанда жастық - бұл әлеуметтік мәртебе.

2020 жылдың басында республикадағы жастар саны 3 765 383 адамды немесе халықтың жалпы санынан 20%-ды құрады. Қалаларда тұратын жастар саны - 2 125 065 адам (56,4%), ауылдық жерлерде – 1 640 318 адам (43,6%). Жастардың ең көп саны Түркістан (465 699 адам) және Алматы облысында (392 855 адам), сондай-ақ Алматы қаласында (393 845 адам) шоғырланған. Солтүстік Қазақстан облысында жастар саны аз (100 548 адам). Жастардың гендерлік құрылымын 1 919 076 адам - ерлер (51%), 1 846 307 адам - әйелдер (49%) құрайды. Жас құрылымында ересек жастар тобының саны 24-28 жас (1 415 490 адам) басым, ең аз саны – орта жастар тобы 19-23 жас (1 125 625 адам). 14-18 жас аралығындағы жастардың кіші жас топтарының саны - 1 224 268 адам [2].

Жастар санының теріс динамикасы байқалады, 2010 жылдан бастап тұрақты төмендеу қалыптасқан. Мамандардың болжамына сәйкес, жастар санының төмендеуі 4-5 жылдай жалғасады, негізгі фактор – 90-шы жылдардағы демографиялық көрсеткіштер. Жақын арада үлкен жастар тобы азайу кезеңіне өтеді, орта топтағы жастар қазір азайу фазасында. Осы екі фазаның қабаттасуы жастар санының азаюына әкеледі. Жақын арада өсуді ең кіші жастар тобы ғана көрсетеді [3].

Жастардың қоғамдағы орны олардың атқаратын функцияларымен анықталады, бұл репродуктивті және ресурстық функциялар; қазіргі және болашақтағы даму функциясы; қалыптасу функциясы. Осылайша, жастар қоғамдық қатынастар жүйесінде маңызды орын алады, бірақ олардың әл-ауқаты, белсенді ұстанымдары мемлекеттің іс-әрекетіне де байланысты.

Жастардың шығармашылық көзқарасы, мұраттары мен күш-қуаты олар өмір сүретін қоғамды одан әрі дамуы үшін өте маңызды. Жастар проблемалары бойынша күн тәртібін анықтай отырып, БҰҰ «Жастардың алдында тұрған көп қырлы мәселелерді (білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және гендерлік теңдік сияқты) шешу қажеттілігі бұрынғыдан да өзекті бола бастайды» деп жазады [4].

Жастық шақ адамның өмірлік цикліндегі жалпы білімнің аяқталуы, мамандықты таңдау және игеру, еңбекті бастау, некелесу, бала туу сияқты негізгі әлеуметтік және демографиялық оқиғалардан тұрады. Ересек өмірге ену көбінесе кәсіби өзін-өзі анықтауға, жұмыспен қамтуға және тұрғын үй проблемаларына байланысты қиындықтарға тап болады.

Қазіргі жастардың қалыптасуы қоғам өмірінің барлық салаларында, мемлекеттік құрылыс кезеңінде, Қазақстанның әлемдік аренадағы жағдайының өзгеруі кезінде қайта құру жылдарына келеді. Жас азаматтардың өздерінің әл-ауқаты үшін қажетті білім мен дағдыларды игеру, сапалы білім алып еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу, шешімдер қабылдауда мемлекетпен өзара іс-қимыл жасай алуы маңызды.

Жастардың қажеттіліктері, оның құндылықтар бағдары қандай? Оның әлеуметтік әл-ауқаты мен денсаулығының деңгейі қандай? Жастар болашаққа сеніммен қарайды ма? Қандай қиындықтарды бастан өткеріп жүр? Мемлекеттік саясат және жастарды қолдау шаралары туралы біле ме? Осы сұрақтарға жауаптар жастар проблемалары бойынша әлеуметтанулық зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасы

Бағдарламаның әдістемелік бөлімі

Зерттеу объектісі - 14-28 жас аралығындағы Қазақстан жастары.

Зерттеу мәні - Қазақстан жастарының негізгі топтарының құндылықтар бағдарлары, денсаулық, білім және бос уақыт, әлеуметтік-экономикалық жағдай, қоғамдық-саяси бағыт сияқты өмірдің түрлі аспектілеріндегі мәселелері мен қажеттіліктері.

Осы әлеуметтанулық зерттеудің мақсаты Қазақстан жастарының негізгі мәселелері мен қажеттіліктерін зерттеу және анықтау болып табылады.

Әлеуметтанулық зерттеу міндеттері:

- қандай да бір жас тобындағы жастарды толғандыратын проблемаларды анықтау;
- жастардың қажеттіліктері мен құндылықтар бағдарларын анықтау;
- жастардың денсаулық жағдайын зерттеу және зиянды әдеттерін анықтау;
- білім беру және жастардың бос уақытын ұйымдастыру саласындағы мәселелерді анықтау;
- жастардың әлеуметтік көңіл-күй мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу;
- жастарды қолдау шараларының тиімділігін және өзін-өзі жүзеге асыруын бағалау;
- мемлекеттік жастар саясатының іске асыру тиімділігін бағалау.

Зерттеудің технологиялық бөлігі

Әлеуметтанулық зерттеу кезең-кезеңмен жүзеге асырылды:

1-кезең. Әлеуметтанулық сауалнаманы әзірлеу:

- Бағдарламаны әзірлеу:
 - мәселенің жағдайын анықтау
 - таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасау
 - мақсаттар мен міндеттерді қою
 - тұжырымдамаларды операцияландау
 - іріктемелі жиынтықты жобалау
- Эмпирикалық ақпаратты жинау үшін инструментарий (сауалнама) әзірлеу
 - Сауалнаманы аудару

2-кезең. Эмпирикалық материал жинау:

- Сауалнаманы ұйымдастыру
 - интервьюерлерді іріктеу, дайындау, нұсқама жүргізу
 - сауалнама учаскелерін бөлу
 - сауалнама бірліктерін іріктеу
 - сауалнамалар мен оларды толтыру бойынша нұсқаулықтарды тарату
 - сұхбат жүргізу

3-кезең. Әлеуметтік деректерді өңдеу және түсіндіру:

- бағдарламасы бойынша талдау және өңдеу макетін жасау
- статистикалық мәліметтер жинау (SPSS)
- сауалнамаларды кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау)
- сауалнама деректерін енгізу
- деректерді «тазарту»

- сауалнама деректерін тексеру
- жалпы және әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа да түрлерін қолдану

4-кезең. Алынған деректерді талдау:

- Бастапқы талдау жүргізу
 - сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді тіркеу
 - кестелерді шығару
 - диаграммалар құру
- Деректерді қайталап талдау
 - салыстырмалы талдау
 - қосымша ақпаратты тарту
 - жаңа болжамдар мен ұсыныстар беру
 - зерттеудің қорытынды есебін дайындау

Бағдарламаның әдістемелік бөлімі

Ақпарат жинау әдісі - 14 жастан 28 жасқа дейінгі жастар арасында республикалық жаппай сауалнама жүргізу, «face-to-face» әдісі. Бұл әдіс жастардың пікірлері мен бағаларына қатысты объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің далалық кезеңі туралы ақпаратты жинау әлеуметтанулық зерттеу сауалнамасын қолдана отырып, респонденттердің тұрғылықты жері бойынша арнайы дайындалған интервьюерлер жүзеге асырылды. Сауалнаманың құрылымы сұрақтардың негізгі блогын және әлеуметтік-демографиялық блокты қамтиды.

Сауалнама түрі: респонденттің қалауына қарай қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша жаппай сауалнама жүргізілді, таңдалған әдіс ағымдағы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Іріктемелі жиынтық көлемі 2000 респондентті құрады. Әлеуметтік зерттеу жүргізу аумағы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін – республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын, 14 облыс орталығын, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді қамтыды.

Іріктемелі жиынтық жас ерекшелігі бойынша үш топқа бөлінген: 14-18 жас; 19-23 жас; 24-28 жас.

Іріктемелі жиынтық – 2000 респондент

	Барлығы	Қала халқы	Ауыл халқы	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Қазақстан Республикасы	2000	1136	864	666	667	667
Ақмола	76	34	42	25	25	26
Ақтөбе	97	66	31	32	32	33
Алматы	209	44	165	70	70	69
Атырау	70	34	36	23	23	24
Шығыс Қазақстан	133	82	51	44	44	45
Жамбыл	125	47	78	42	42	41
Батыс Қазақстан	69	35	34	23	23	23
Қарағанды	143	111	32	48	48	47
Қостанай	89	46	43	30	30	29
Қызылорда	92	38	54	31	31	30
Маңғыстау	76	28	48	25	25	26
Павлодар	73	49	24	24	24	25
Солтүстік Қазақстан	53	24	29	18	18	17
Түркістан облысы	128	42	197	79	80	80
Нұр-Сұлтан	239	115	0	38	38	39
Алматы	115	213	0	71	71	71
Шымкент	213	128	0	43	43	42

* ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің (бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті) Ұлттық статистика бюросының 2019 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша

Іріктеу дизайны жиынтықтағы кез-келген адам (14-28 жас) талдау үшін іріктеуге тең мүмкіндіктер болатындай етіп жасалды. Стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды. Сонымен, негізгі страталар:

1-деңгей. Облыстар бойынша іріктеу - облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бойынша 14-28 жас аралығындағы жастар санына қарай елдің 17 өңірі бойынша іріктеу көлемі айқындалды.

2-деңгей. Қала мен ауыл бойынша іріктеу - әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелді.

3-деңгей. Бастапқы нүктені іріктеу - әрбір елді мекен шегінде маршруттың бастапқы нүктелері мен респонденттердің саны кездейсоқ анықталады.

4-деңгей. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу - әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша іріктеледі – жас-жыныс квотасы - респонденттің жасы 14-тен 28 жасқа дейін қоса алғанда, сондай-ақ жынысы бойынша репрезентативтілік қамтамасыз етілді (респондент ерлер мен әйелдердің саны әрбір облыс, қала және ауыл бойынша статистика комитетінің деректеріне сәйкес есептелген).

Іріктеме репрезентативті, яғни бегіленген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті) 2019 жылға арналған деректеріне сәйкес). Бұл ретте іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 2,5\%$ -дан аспайды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша интервьюерлердің жұмысына бақылау жүргізілді (сауалнамалардың дұрыс толтырылуын 100% тексеру және телефон арқылы 30% бақылау), деректерді енгізу және өңдеу.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған, орыс тіліне икемделген 21-ші нұсқадағы SPSS компьютерлік бағдарламасының көмегімен орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) деректерді бір өлшемді талдау;
- 2) деректерді екі өлшемді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Талдау баяндамасын дайындау кезінде жастардың жас топтары, олардың жұмыспен қамтылуы, қызмет түрі бойынша деректер талданды, бұл жастардың әртүрлі топтарының проблемалары мен қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуді жүргізу кезеңі: 2020 жылдың қараша айы.

ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БЛОК



Респонденттер
сұралды

2000

әйелдер
50,2% ♀ ♂
ерлер
49,8%



Нұр-Сұлтан, Алматы
және Шымкент ққ.



14 облыс орталығы




ауылдық елді
мекендер



Жасы

Іріктемелі жиынтық
жас ерекшелігі
бойынша үш топқа
бөлінген:



1. ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАҒДАРЛАРЫ

Құндылықтар бағдарларын адамның құндылықтарға байланысты көзқарастар жүйесі ретінде анықтауға болады. Құндылықтар бағдарлары адамның әлеуметтенуі мен бейімделуі кезінде, өмірлік тәжірибені жинақтау нәтижесінде, яғни жалпы қабылданған құндылықтардың сыни дамуы нәтижесінде қалыптасады. Құндылықтар бағдарлары хабардарлық, тұрақтылық, оң эмоционалды бояумен сипатталады. Олар жеке тұлғаның ішкі құрылымының элементтері ретінде әрекет етеді, оның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді, жеке адамның мүдделеріне бағдар береді, шағымдар мен беделді идеялардың деңгейін анықтайды, сонымен қатар тиісті жеке көзқарастарға негізі болады.

Жеке тұлғаның құндылықтар бағдары адамның өзіне, басқаларға, қоғамға, оның ішкі және сыртқы әлемінде болып жатқан барлық процестер мен құбылыстарға берген бағалары арқылы ашылады, бұл оларды зерттеуге өте ыңғайлы нысанға айналдырады.

Жеке құндылықтар жүйесі мен құндылықтар бағдарлары бастапқы әлеуметтену кезеңінде, шамамен 18-20 жаста қалыптасатыны белгілі. Сонымен қатар, бұл құрылымдар адам өмірінің дағдарыс кезеңдерінде ғана айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, тұрақты болып қала береді. Бір қызығы, өзгерістер құндылықтардың құрылымына ғана емес, олардың иерархиялық қатынасына да әсер етеді: кейбір құндылықтар жоғары мәртебеге немесе дәрежеге ие болады, ал басқалары онша маңызды болмайды.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, жаңа құндылықтар бағдарларының пайда болуы жаңа әлеуметтік тәртіптің қалыптасу жағдайында, әдеттегі, қалыптасқан әлемдік тәртіптің күрт, терең өзгеруі болған кезде байқалады. Мұндай жағдайларда құндылықтар бағдарларының формалары мен түрлерінің кеңеюі ғана емес, олардың мазмұнының өзгеруі де орын алады. Құндылықтар бағдарларының өзгеруіне адамның күнделікті өміріндегі оқиғалар, әсіресе төтенше жағдайлар мен жағымсыз тәжірибелер де әсер етеді.

Құндылықтар мен құндылық бағдарларын қалыптастырудағы қиындықтар әртүрлі әлеуметтік топтарда, ұжымдарда, отбасында әрекет ететін құндылықтардың плюрализмін тудырады. Яғни, біз құндылықтар бағдарларын таңдаудың ықтимал болуы көп нұсқалы жағдайы туралы айтып отырмыз, олардың көпшілігінде нақты анықталған критерийлер жоқ. Бұл белгілі бір құнды таңдау кезінде адамның қиындықтарға, ауытқуларға тап болуына әкеледі, бұл мүмкін таңдаудың дұрыстығына ықпал етпейді.

1.1 Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері және өмірге қанағаттану

Зерттеу барысында респонденттерге «Қазақстанда жастардың өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері жеткілікті ме?» деген сұрақ қойылды. Жастар Қазақстандағы өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін оң бағалайды: 36,2% респондент кейбір қиындықтарға қарамастан жастар өзін-өзі дамыта алады деп санайды, ал 31,7% респонденттің пікірінше, «жастар өздерін толығымен дамыта алады». Айта кету керек, сауалнамаға қатысушылардың 20,5% «жастардың аз ғана бөлігі өздерін дамыта алады» деген жауап нұсқасын таңдап, басқаша пікір білдірді. Респонденттердің келесі 8,3% «жастарда өзін-өзі дамыту үшін ешқандай мүмкіндік жоқ» деп санайды.

Жас топтары бойынша пікірлерді талдау респонденттердің 14-18 жас аралығындағылар өз бағаларында оптимистік көзқараста екенін көрсетеді: олар (38,3%) «жастар өздерін толығымен дамыта алады» деген жауап нұсқасын көп таңдаған. Ал 19-23 және 24-28 жас аралығындағы топтарда «кейбір қиындықтарға қарамастан жастар өздерін дамыта алады» (сәйкесінше 38,3% және 35,8%) деген жауап нұсқасын ең көп таңдаған.

Теріс бағалау 24-28 жас аралығындағы жастарға көбірек тән. Бұл топтағы респонденттердің

23,1% «жастардың аз ғана бөлігі өзін-өзі дамыта алады» деген пікірде. 19-23 жас аралығындағы респонденттердің 22,2% осындай позицияда.

Сонымен қатар, 24-28 жас тобындағы 11,5% респонденттер «жастарда өзін-өзі дамыту үшін ешқандай мүмкіндік жоқ» деп санайды (1-кесте).

№1 кесте.

«Қазақстанда жастардың өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері жеткілікті ме?» деген сұрақтың жауаптарының жас топтар бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Иә, жастар өздерін толығымен дамыта алады	38,3	30,1	26,7	31,7
Дәлірегі, иә, жастар кейбір қиындықтарға қарамастан өздерін дамыта алады	34,3	38,3	35,8	36,2
Дәлірегі, жоқ, жастардың аз ғана бөлігі өздерін дамыта алады	16,0	22,2	23,1	20,5
Жоқ, жастарда өзін-өзі дамыту үшін ешқандай мүмкіндік жоқ	6,2	7,2	11,5	8,3
Жауап беруге қиналамын	5,1	2,2	3,0	3,3

Елді мекен түрі бойынша қалалық жастардың көзқарасы ауылдық жерлерге қарағанда оптимистік емес екенін көрсетеді. Қалалық елді мекендер бойынша респонденттер «жастар өздерін толық дамыта алады» деген жауап нұсқасын 10,3 пайызға аз таңдады және «жастардың аз ғана бөлігі өздерін дамыта алады» деген жауап нұсқасын 6,6 пайызға жиі таңдады (№2 кесте).

№2 кесте.

«Қазақстанда жастардың өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері жеткілікті ме?» деген сұрақтың жауаптарын елді мекен типі бойынша бөлінуі, %


Жауаптың нұсқалары	Елді мекен типі	
	Қала	Ауыл
Иә, жастар өздерін толығымен дамыта алады	27,2	37,5
Дәлірегі, иә, жастар кейбір қиындықтарға қарамастан өздерін дамыта алады	38,4	33,2
Дәлірегі, жоқ, жастардың аз ғана бөлігі өздерін дамыта алады	23,3	16,7
Жоқ, жастарда өзін-өзі дамыту үшін ешқандай мүмкіндік жоқ	8,5	8,1
Жауап беруге қиналамын	2,6	4,5

Өлеуметтанулық сауалнама жастардың өмірдің жекелеген аспектілеріне отбасы, достар, білімі, жұмыс, мектептегі, университеттегі, жұмыстағы қарым-қатынас, сондай-ақ жалпы өмірді қанағаттануын бағалауды көздеді. Бағалау бес балдық шкала бойынша жүргізілді, 1 балл – мүлдем қанағаттанбаймын, 5 балл - толық қанағаттанамын дегенді білдіреді.

Жастардың өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттануы, жалпы алғанда, орташа деңгейден жоғары (бес балдық шкала бойынша). Өмірдің барлық алты саласы бойынша – отбасы, достық, білімі, жұмыс, мектепте, ЖОО-да, әріптестермен қарым-қатынас, жалпы өмір сүру - бағалары 4 балдан жоғары. Тек жұмысқа қанағаттану ғана ерекшеленді - 3,11 балл. Сауалнамаға қатысушылар отбасындағы, ата-аналарымен, жұбайымен, жақын туыстарымен қарым-қатынасқа өте риза: қанағаттану индексі 4,58 (№1 сурет).

№1 сурет.

«Сіз келесі айтылғандарға қаншалықты көңіліңіз толады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, балл



Жас тұрғысынан алғанда, 24-28 жас аралығындағы респонденттер тобында өмірге және оның жеке аспектілеріне қанағаттанудың жоғары деңгейі байқалады (жалпы балл – 4,32). Бұл жас тобына басқа екі жас тобына қарағанда өмірдің аспектілерін тең бағалу тән.

Өмірдің аспектілеріне қанағаттанудың ең төменгі деңгейі 14-18 жас аралығындағы респонденттер арасында байқалды (жалпы балл – 4,05), бұл олардың өз жұмысына қанағаттанудың төмен деңгейі есебінен болды. Қалған барлық мәселелер бойынша қанағаттану деңгейі 24-28 жастағы респонденттерден кейін екінші орында.

19-23 жас тобындағы өмірге және оның жеке аспектілеріне қанағаттану 4,15 балды құрайды. Мұнда сауалнамада ұсынылған барлық аспектілер бойынша қанағаттану деңгейі басқа екі топқа қарағанда біршама төмен, жұмысқа қанағаттану көрсеткіші бөлек (№3 кесте). Елді мекен түрлері бойынша таңдау біркелкі.

№3 кесте

«Сіз келесі айтылғандарға қаншалықты көңіліңіз толады?» деген сұраққа жауаптарды жас топтары бойынша бөлінуі, балл

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
1. Отбасыңыздағы қарым-қатынасқа (ата-анаңыз, жұбайыңыз, жақын туыстар және т.б., егер олар болмаса)	4,60	4,53	4,60	4,58
2. Жалпы өміріңізге	4,51	4,43	4,48	4,47
3. Өзіңіздің достар ортаңызға	4,47	4,38	4,51	4,45
4. Мектептегі және ЖОО-дағы сыныптастармен, жұмыстағы әріптестермен қарым-қатынасқа	4,35	4,23	4,22	4,27
5. Өз біліміңізге	4,20	4,09	4,22	4,17
6. Өз жұмысыңызға	2,19	3,23	3,89	3,11
Жас топтары бойынша барлығы	4,05	4,15	4,32	4,18

1.2 Жастардың субъективті қауіпсіздігі мен қорғалу деңгейі

Респонденттердің 48,6% жеке қауіпсіздікке толық сенімділігі бар, тағы 32,1% респондент өз қауіпсіздігіне «дәлірегі, сенімді» (№4 кесте). Жас топтары бойынша толық сенімділіктің ең жоғары деңгейі 19-23 жастағы (51,6%) респонденттер тобында байқалады, жеке қауіпсіздікке толық сенімділіктің ең төмен көрсеткіші – 24-28 жастағы респонденттер тобында - 44,0% (осы жас тобында «өзінің жеке қауіпсіздігіне өте сенімді» деген жауап нұсқасы жиі таңдалды).

№4 кесте.

«Сіз жеке қауіпсіздігіңізге сенімдісіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Иә, сенімдімін	50,2	51,6	44,0	48,6
Дәлірегі, сенімдімін	30,4	28,9	37,0	32,1
Дәлірегі, сенімді емеспін	10,3	12,1	11,8	11,4
Жоқ, сенімді емеспін	3,8	4,6	4,8	4,4
Жауап беруге қиналамын	5,3	2,7	2,5	3,5

Ауыл жастары арасында жеке қауіпсіздікке деген сенім қалалық жастарға қарағанда 13% жоғары. Ауылдық елді мекендер бойынша 56,0% және қалалық 43,0% респондент өз қауіпсіздігіне толық сенімді (№5 кесте).

№5 кесте.

«Сіз жеке қауіпсіздігіңізге сенімдісіз бе?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	Елді мекен типі	
	Қала	Ауыл
Иә, сенімдімін	43,0	56,0
Дәлірегі, сенімдімін	35,5	27,7
Дәлірегі, сенімді емеспін	14,2	7,8
Жоқ, сенімді емеспін	4,4	4,4
Жауап беруге қиналамын	3,0	4,2

Респонденттерге «Өзіңізді келесі жағдайлардан қаншалықты қорғалған сезінесіз?» деген сұрақ қойылды. Ұсынылып отырған қауіп-қатер тізіміне қылмыс, шенеуніктердің озбырлығы, жұмысынан айрылуы, құқық қорғау органдарының озбырлығы, соттың әділетсіздігі, террористік актілер қатері, дербес деректердің тарап кетуі, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жария болуы, тұрмыстық зорлық-зомбылық кірді. Жауаптарды талдау көрсеткендей, респонденттер қылмыстан, жұмысынан айрылудан және дербес деректердің тарап кетуі, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жария болуынан аз қорғалған (№6 кесте).

№6 кесте.

«Өзіңізді келесі жағдайлардан қаншалықты қорғалған сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %

Тәуекелдер / Жауаптың нұсқалары	Қорғалған	Дәлірегі, қорғалған	Дәлірегі, қорғалмаған	Мүлдем қорғалмаған	Ж/Қ
Қылмыстылық	34,9	31,3	20,2	7,9	5,7
Шенеуніктердің озбырлығы	28,8	27,8	19,7	11,9	11,8
Жұмыссыз қалу	23,4	23,2	22,2	13,8	17,4
Құқық қорғау органдарының озбырлығы	28,8	28,6	18,3	12,8	11,5
Соттың әділетсіздігі	26,8	27,8	19,4	13,2	12,8
Террористік актілер қаупі	29,9	27,6	17,4	14,5	10,6
Дербес деректердің жария болуы, оның ішінде әлеуметтік желілерде	25,4	25,4	24,9	16,8	7,5

14-18 жас аралығындағы респонденттер тобында үлкен жас топтарымен салыстырғанда сауалнамада көрсетілген барлық тәуекелдер бойынша қауіпсіздік сезімінің деңгейі жоғары болды.

19-23 жастағы респонденттер тобында жұмысынан айырылудан (21,1% - «қорғалған» жауап нұсқасын таңдады) және соттың әділетсіздігінен (25,1% - «қорғалған» жауап нұсқасын таңдады) қорғалу сезімінің ең төменгі деңгейі байқалды.

24-28 жастағы респонденттер дербес деректердің жария болуынан, оның ішінде әлеуметтік желілерде (23,4% - «қорғалған» жауап нұсқасын таңдады) және террористік актілер қаупінен (27,9% - «қорғалған» жауап нұсқасын таңдады) қорғалудың ең төменгі субъективті деңгейін көрсетеді. Толығырақ – №7 кестеде.

№7 кесте.

«Өзіңізді келесі жағдайлардан қаншалықты қорғалған сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, % («қорғалған» нұсқасын таңдауар)

Тәуекелдер	«Қорғалған» жауап нұсқасын таңдау саны		
	14-28	19-23	24-28
Қылмыстылық	36,5	35,5	32,8
Шенеуніктердің озбырлығы	31,5	27,2	27,7
Жұмыссыз қалу	24,5	21,1	24,4
Құқық қорғау органдарының озбырлығы	31,8	27,4	27,1
Соттың әділетсіздігі	29,2	25,1	26,1
Террористік актілер қаупі	31,2	30,5	27,9
Дербес деректердің жария болуы, оның ішінде әлеуметтік желілерде	28,1	24,6	23,4

Қалалық жастарға сауалнамада көрсетілген барлық қауіптер бойынша ауыл жастарымен салыстырғанда қорғалу сезімінің төмен деңгейі тән. «Қорғалған» жауап нұсқасын таңдау көрсеткіштеріндегі айырмашылық 13% жетеді. Айта кетейік, көрсеткіштердегі максималды айырмашылық мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты тармақтар бойынша белгіленеді (№8 кесте).

№8 кесте.

«Өзіңізді келесі жағдайлардан қаншалықты қорғалған сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, % («қорғалған» жауап нұсқасын таңдау)

Тәуекелдер	Қала	Ауыл
Қылмыстылық	30,5	40,7
Шенеуніктердің озбырлығы	23,7	35,5
Жұмыссыз қалу	21,5	25,8
Құқық қорғау органдарының озбырлығы	23,2	36,1
Соттың әділетсіздігі	21,5	33,8
Террористік актілер қаупі	24,8	36,5
Дербес деректердің жария болуы, оның ішінде әлеуметтік желілерде	20,5	31,7

1.3 Негізгі құндылықтар: отбасы және денсаулық

Отбасы әлі күнге дейін қоғамның негізі бірлігі болып табылады, бұл тезис аксиома болып табылады және оның шынайылығы күмән тудырмайды. Отбасы адам өміріне үлкен әсер етеді: мұнда жеке тұлғаның бастапқы әлеуметтенуі өтеді, адам өзара әрекеттесудің, қамқорлық пен жауапкершіліктің алғашқы тәжірибесін жинайды; құндылықтарды, нормаларды, дәстүрлерді сақтау қамтамасыз етіледі, ұрпақтар сабақтастығы жүзеге асырылады.

Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі әлі үйленбеген және тұрмысқа шықпаған (68,3%): 14-18 жас аралығындағы респонденттердің үлесі - 95,1%, 19-23 жас - 74,5% және 24-28 жас – 35,7% құрайды.

25,9% респондент некеде бар, олардың көпшілігінің жасы - 24-28 жас (56,2%). Тіркелмеген некеде бірге тұратын және қарым-қатынастағы жұптардың, сондай-ақ ажырасқандардың пайызы төмен (№9 кесте). Елді мекен түрлері бойынша айтарлықтай бөліну байқалмады.

№9 кесте.

«Сіздің қазіргі отбасылық жағдайыңыз қандай?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Үйленбеген/тұрмыста емес	95,1	74,5	35,7	68,3
Үйленген/тұрмыста	2,3	18,9	56,2	25,9
Бірге тұрамыз, бірақ заңды некеде емес	0,2	2,0	2,1	1,4
Қарым-қатынас бар, бірақ бірге тұрмаймыз	1,8	2,9	1,4	2
Ажырасқан	0,3	0,9	3,5	1,6
Жесір	0,0	0,0	0,3	0,1
Жауап беруге қиналамын	0,3	0,9	0,9	0,7

Респонденттер жар таңдаудағы ең маңызды қасиеттері деп өмірлік серігінің жеке қасиеттері мен ортақ мүдделерінің болуы деп санайды. Осы екі қасиеттің маңыздылығын бес балдық шкала бойынша бағалау 4 балдық белгіден асады (№10 кесте). Сонымен қатар, жеке қасиеттер мен ортақ мүдделердің маңыздылығы респонденттердің жасы ұлғайған сайын артады.

Сауалнаманың ең жас қатысушылары өздерінің нақты немесе ықтимал таңдаушыларының қаржылық жағдайы мен денсаулық жағдайына аз көңіл бөледі. Сонымен қатар, өз жастарына (14-18 жас) байла-

нысты бұл топтағы респонденттер сауалнаманың тиісті сұрағына жауап беру кезінде жиі қиындықтарға тап болды.

Жалпы, пікірлер барлық жас топтары үшін салыстырмалы түрде біркелкі. Респонденттердің жасының ұлғаюымен көрсеткіштердің өсу тенденциясы аса айқын емес және респонденттердің жасы ұлғайған сайын бағалаудағы қиындықтардың азаюымен байланысты.

№10 кесте.

«Сіздің ойыңызша, жар таңдау кезінде келесілер қаншалықты маңызды?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, балл

Бағаланатын қасиеттер	14-18	19-23	24-28
Діни көзқарастары/сенімдері	3,29	3,51	3,68
Материалдық жағдайы	2,92	3,17	3,25
Отбасымның мақұлдауы	3,93	3,98	4,08
Жеке қасиеттері	4,15	4,24	4,35
Денсаулық жағдайы	3,95	4,07	4,11
Келбеті	3,54	3,65	3,66
Білім деңгейі	3,68	3,70	3,67
Ортақ мүдделер	4,06	4,17	4,14
Ұлты	3,52	3,75	3,79
Ата-ананы құрметтеу	0,28	0,29	0,28

Респонденттердің көпшілігінің денсаулық жағдайы соңғы жыл бойы тұрақты болды - тұтас іріктеме бойынша 56,8%. Бұл көрсеткіштің жас топтары бойынша таралуы біркелкі. Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың субъективті бағалауы бойынша, респонденттердің негізгі бөлігінің денсаулығының жағдайы тұрақты немесе жақсы («дәлірегі, жақсарды» - 13,4% және «жақсарды» - 16,7%).

Денсаулықтың жақсаруы 14-18 жас тобында жиі кездеседі: «дәлірегі, жақсарды» - 14,5% және «жақсарды» - 20,3%. Респонденттердің жасы ұлғайған сайын бұл көрсеткіштің мәні салыстырмалы түрде біркелкі төмендейді.

Денсаулықтың нашарлауы 24-28 жас тобында жиі байқалды: «дәлірегі, нашарлады» - 12,5% және «нашарлады» - 3,1%. Бұл көрсеткіш респонденттердің жасы ұлғайған сайын салыстырмалы түрде біркелкі артады (№11 кесте).

№11 кесте.

«Сіздің денсаулық жағдайыңыз соңғы жылда қалай өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Жақсарды	20,3	16,3	13,6	16,7
Дәлірегі, жақсарды	14,5	13,9	11,8	13,4
Өзгерген жоқ	57,1	56,4	56,8	56,8
Дәлірегі, нашарлады	5,5	8,2	12,5	8,8
Нашарлады	0,9	2,2	3,1	2,1
Жауап беруге қиналамын	1,7	2,8	2,2	2,2

Қала жастары ауыл жастарымен салыстырғанда денсаулығының нашарлауын жиі атап өтті, керісінше, ауыл тұрғындары арасында денсаулықтың жақсарғаны туралы көбірек айтылды. Осылайша, қалалық жастар арасында денсаулықтың субъективті деңгейі ауыл жастарына қарағанда төмен (№12 кесте).

№12 кесте.

«Сіздің денсаулық жағдайыңыз соңғы жылда қалай өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	Қала	Ауыл	Іріктеме бойынша барлығы
Жақсарды	13,4	21,1	16,7
Дәлірегі, жақсарды	11,6	15,7	13,4
Өзгерген жоқ	58,2	54,9	56,8
Дәлірегі, нашарлады	11,9	4,6	8,8
Нашарлады	2,7	1,3	2,1
Жауап беруге қиналамын	2,1	2,4	2,2

Бөлім бойынша қорытынды

Жастардың құндылықтар жүйесінде қоғамды оптимистік бағалау және ондағы өз орындарымен сипатталады. Жастар өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін оң бағалайды, өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттанудың да, өзін-өзі қорғаудың да тұрақты деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, жастарға бірқатар әлеуметтік тәуекелдер бойынша субъективті қауіпсіздік сезімі төн. Жұмыссыз қалу және жеке деректердің жария болуы алаңдаушылық тудырады. Жас ерекшеліктері мен елді мекен түрінің (қала-ауыл) әсері байқалады.

Жастар өз отбасыларын құруға бағытталған. Жар таңдаудағы ең маңызды бағдарлар, респонденттердің жасына қарамастан, өмір серігінің жеке қасиеттері және ортақ мүдделердің болуы.

Респонденттердің денсаулығы соңғы жылы жақсару тенденциясын және тұрақты деңгейді көрсетті. Мұнда жас факторынан басқа, елді мекеннің түрі де маңызды болды (қала-ауыл).

ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ

Өзін-өзі тану
мүмкіндіктері және
өмірге қанағаттану



Өмірге және оның жекелеген аспектілеріне қанағаттану деңгейі (отбасы, достық, білім, мектептегі / ЖОО-дағы / әріптестерімен қарым-қатынас)



баллдан
асады

Ерекшелік:
жұмысқа
қанағаттану

3,11 балл

Өмірге және оның жеке аспектілеріне қанағаттану деңгейі

14-18 жас



4,05
балл

(өз жұмысына
қанағаттанудың
төмен деңгейіне
байланысты)

19-23 жас



4,15
балл

24-28 жас



4,32
балл

Бағалау бес балдық шкала бойынша жүргізілді, 1 баллдан бастап – мүлдем қанағаттанбаған, 5 баллға дейін – толығымен қанағаттанған.

36,2%

кейбір қиындықтарға қарамастан жастар өздерін жүзеге асыра алады деп санайды (көбінесе 14-18 жас аралығындағы жастар)

31,7%

өзін толығымен жүзеге асыра алады деп санайды (көбінесе 24-28 жас аралығындағы жастар)

Жастардың субъективті қауіпсіздігі мен қорғалу деңгейі



жеке қауіпсіздікке толық сенімді




Респонденттер үлкен қауіпсіздікті сезінеді:

- 66,2% қылмыстан
- 50,8% дербес деректердің таралып кетуі, оның ішінде әлеуметтік желілерде
- 46,6% жұмысынан айырылудан



Жеке қауіпсіздікке толық сенімділіктің ең жоғары деңгейі - 19-23 жас аралығындағы респонденттер тобында



Жеке қауіпсіздікке толық сенімділіктің ең төменгі көрсеткіші - 24-28 жас аралығындағы респонденттер тобында

(осы жас тобында «дәлірегі өзінің жеке қауіпсіздігіне сенімді» деген жауап жиі таңдалды)

Отбасы негізгі құндылық ретінде



Респонденттердің 68,3%-ы әлі үйленбеген:



Некеде тұратындар



олардың көпшілігінің жасы-24-28 жас:



Ерлі-зайыптыларды таңдау кезінде жастар:



серіктестің жеке қасиеттеріне қарайды

(бес балдық шкала бойынша)



ортақ мүдделердің болуына қарайды

14-18 жастағы респонденттер азырақ қарайды: (бес балдық шкала бойынша)



материалдық жағдайына



серіктестің денсаулық жағдайына

2. ДЕНСАУЛЫҚ

Денсаулық маңызды ресурс болып табылады, оның құндылығын қоғамдық сана жоғары бағалайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) анықтамасына сәйкес, денсаулық - бұл ауру мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік аман сау болу [5]. Бұл анықтама Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 1946 жылғы 19-22 маусымда Нью-Йорктегі Халықаралық денсаулық сақтау конференциясы қабылдаған жарғысының кіріспесінде келтірілді (ДДҰ Жарғысы, 1946). Сонымен қатар, денсаулықты сақтаудың маңызды факторы өмір салты және халыққа медициналық көмектің қолжетімділігі.

ДДҰ Еуропалық аймақтық бюросы жариялаған және 11, 13 және 15 жас аралығындағы 45 елдегі мектеп оқушыларының денсаулығы мен әлеуметтік өзара әрекеттестігі туралы ақпаратты қамтитын «Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатысты мінез-құлқы (HBSC)» халықаралық зерттеуінің соңғы есебінде 2014-2018 жылдар аралығында көптеген елдердегі жасөспірімдердің психикалық саулығы нашарлағаны атап өтілді [6]. Балалардың жасы өскен сайын психикалық денсаулық нашарлайды, бұл ретте ұлдарға қарағанда қыз балаларда психикалық аутқудың қаупі жоғары. Әрбір төртінші жасөспірім аптасына кемінде бір рет жүйкесіне салмақ түскенін, ашулану немесе ұйқының бұзылуы туралы айтқан.

Мектептегі жүктемені көтере алмайтын жасөспірімдер санының өсуі және оқуды ұнататындардың санының азаюы байқалады. Көптеген елдерде балалар есейген сайын мектепке деген көзқарас нашарлайды, ал жасөспірімдердің оқуға қанағаттануы және мұғалімдер мен сыныптастарының қолдауын бағалау мектептегі жүктеме өскен сайын нашарлайды [6]. Қауіпті мінез-құлық, дұрыс тамақтанбау және физикалық белсенділіктің болмауы әлі де негізгі мәселелер болып табылады.

2.1 Медициналық көмек алу тәжірибесі мен шарттары

Бұрын анықталғандай, жастардың денсаулығына қатысты жақсы көрініс байқалады, соңғы жыл ішінде денсаулық тұрақты күйде немесе жақсарды. Бірақ жас ұлғайған сайын денсаулық көрсеткішінің төмендеуі де байқалады.

Сауалнама нәтижелері бойынша аурған кезде жастар көбінесе дәрігерлік көмекке жүгінетіні байқалды: 51,6% респондент тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде мемлекеттік клиникаларға, 22,6% - ақылы медициналық қызметтерді алу үшін жеке клиникаларға барады. Респонденттердің 16,8% интернеттегі ақпаратқа немесе кеңестерге сүйене отырып, өзін-өзі емдейді.

Аурған кезде ең дұрыс шешімді 14-18 жастағы респонденттер қабылдауға бейім. Респонденттердің бұл тобында «ТМККК шеңберінде мемлекеттік емханаға жүгінемін» деген жауап нұсқасын таңдаудың 56,4 пайызы, сондай-ақ «ақылы емханаға, ауруханаға жүгінемін» жауап нұсқасын таңдау бойынша көрсеткіші 19,4 пайыз. Бұл жас тобында өзін-өзі емдеумен айналысатындардың үлесі 13,2 пайыз.

Жас ұлғайған сайын өздігінен емделу үрдісі байқалады: 19-23 жас тобында 17,1% және 24-28 жас тобында - 20,1%. Жасы ұлғайған сайын ақылы медициналық қызметтерге жүгінулер саны да артады – 24-19 жас және 23-24 жас аралығындағы топтарда шамамен 28%. Бұны артып келе жатқан дербестік, жұмыспен қамтылу, жеке материалдық ресурстардың және кейбір өмірлік тәжірибенің болуымен түсіндіруге болады.

Жасы ұлғайған сайын ауруды «өз бетімен» жібере отырып, ештеңе жасамайтындар саны азаяды. Егер 14-18 жастағы респонденттердің арасында 4,4% болса, 19-23 және 24-28 жастағы топтарда олар сәйкесінше 3,3% және 1,6% құрайды (№13 кесте).

№13 кесте.

«Сіз ауырған кезде немесе қандай да бір ауру белгілері пайда болған кезде не істейсіз?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Мемлекеттік, тегін емханаға барамын	56,4	50,0	48,4	51,6
Ақылы емханаға, ауруханаға барамын	19,4	24,4	24,0	22,6
Халық емшілеріне, дәстүрлі емес медицинаға жүгінемін	5,0	4,5	4,3	4,6
Өзім емделемін (интернеттегі сипаттама, кеңестер бойынша)	13,2	17,1	20,1	16,8
Ештеңе істемеймін, бәрін «өз бетімен» жіберемін	4,4	3,3	1,6	3,1
Жауап беруге қиналамын	1,7	0,7	1,5	1,3

Қала және ауыл тұрғындары денсаулыққа қатысты тәжірибелерінде де айырмашылық байқалады. Ауылдарда мемлекеттік клиникаларға көп барады (57,2%). Қалалық жастар (24,8%) ауыл жастарына қарағанда (19,8%) ақылы клиникаларға жиі жүгінеді, бұл қала тұрғындары үшін ақылы медицинаның қолжетімді болуымен түсіндіріледі (№14 кесте).

Қала жастары (13,1%) ауыл жастарымен (19,6%) салыстырғанда өзін-өзі емдеуге бейім. Халық емшілеріне жүгінетіндердің үлесі қалаға (3,1%) қарағанда ауылды жерлерде (6,6%) көп.

№14 кесте.

«Сіз ауырған кезде немесе қандай да бір ауру белгілері пайда болған кезде не істейсіз?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	Қала	Ауыл	Іріктеме бойынша барлығы
Мемлекеттік, тегін емханаға барамын	47,3	57,2	51,6
Ақылы емханаға, ауруханаға барамын	24,8	19,8	22,6
Халық емшілеріне, дәстүрлі емес медицинаға жүгінемін	3,1	6,6	4,6
Өзім емделемін (интернеттегі сипаттама, кеңестер бойынша)	19,6	13,1	16,8
Ештеңе істемеймін, бәрін «өз бетімен» жіберемін	4,0	2,0	3,1
Жауап беруге қиналамын	1,2	1,4	1,3

Респонденттердің басым бөлігі ТМҚКК шеңберінде медициналық көмек алады (барлық респонденттер бойынша 65,5%). Жас ерекшеліктері бойынша медициналық көмектің мұндай түріне 14-18 жас тобындағы (71,5%) және 24-28 жас тобындағы респонденттер (61,2%) жиі жүгінеді.

24-28 жастағы респонденттер тобында емханаға тіркелмеген/тұрғылықты тіркелмегеніне байланысты ақылы қызметтерді жөн көреді - 12,1%. Мысалы, салыстыратын болсақ, барлық респонденттер бойынша жалпы көрсеткіш 9,9%, 14-18 жас тобында – 8,1%, ал 19-23 жас тобында - 9,4% болды. Бұл әбден түсінікті, өйткені жас ұлғайған сайын оқу, жұмыс іздеу, тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты миграциялық қозғалыс арта түседі.

Сенімді жеке клиникаларға көбінесе 19-23 жастағы респонденттер (18,7%), аз жағдайда – 24-28 жастағы респонденттер (17,2%) жүгінеді. 14-18 жас аралығындағы ең кіші топтардың арасында осындай ақылы медициналық қызметтерге жүгінетіндердің үлесі 13,1% құрайды (№15 кесте). Елді мекен түрлері бойынша жауаптардың елеулі айырмашылықтар байқалған жоқ.

№15 кесте.

«Сіз медициналық көмекті көбінесе қандай жағдайларда аласыз?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМК-КК) шеңберінде емханада (медициналық орталықта)	71,5	63,8	61,2	65,5
Ақылы, өйткені емханаға тіркелмегенмін/тұрғылықты тіркелмегенмін	8,1	9,4	12,1	9,9
Ақылы, тексерілген жеке клиникада (медорталықта)	13,1	18,7	17,2	16,3
Ақылы, түрлі клиникаларда	6,8	7,2	8,5	7,5
Көмек алмаймын, өзім емделемін	0,5	0,9	0,9	0,8

2.2 Өмір салты мен әдеттері

Жоғарыда айтылғандай, денсаулықтың негізгі факторы - өмір салты. Зиянды әдеттердің ішінде респонденттер әлеуметтік желілерге көп уақытты ысырап етуді (бүкіл іріктеме бойынша 38,9%), кеш ұйықтауды немесе ұйқының жеткіліксіздігін (бүкіл іріктеме бойынша 36,4%), дұрыс тамақтанбауды (барлық үлгі бойынша 26,9%) айтқан. Сауалнамаға қатысқандардың арасында аз қозғалатындар (бүкіл іріктеме бойынша 19,9%), видео ойындарға құмар (бүкіл іріктеме бойынша 13,5%) және темекі шегетіндер жеткілікті (бүкіл іріктеме бойынша 12,8%).

Сауалнама нәтижелері бойынша тек 8,2% респонденттің зиянды әдеттері жоқ, олардың көпшілігі 19-23 жас аралығындағы респонденттер (№16 кесте).

14-18 жастағы респонденттер арасында әлеуметтік желілерде (45,7%) және видео ойындарда (20,2%) көп уақыт өткізу таралған, сондай-ақ, олар аз қозғалады (19,8%) және әдепсіз сөйлейді (10,2%).

19-23 жас аралығындағы респонденттер зиянды тағамдарды жиі қолданады (32,1%), аз қозғалысты өмір салтын аз мойындайды (17,2%). Жалпы, бұл жас тобы үшін шекті сандық полюстер арасындағы орташа деңгейге жақын көрсеткіштер тән.

Кеш жату, ұйқының жеткіліксіздігін 24-28 жас аралығындағы респонденттер жиі айтты (37,3%). Бұл жас тобында аз қозғалатындар (22,8%), темекі шегетіндер (19,1%) және алкоголь ішетіндер (4,8%) көп.

Респонденттердің 0,1% - 0,3% есірткі қолданатынын мойындайды. Құмар ойындарын ойнайтын респонденттер 1,1%, олардың көпшілігі 24-28 жас аралығындағы жастар (1,6%). Ал 0,1% респондент көп ұйықтаймын және жалқаулығым бар деген (№16 кесте).

№16 кесте.

«Төмендегі жаман әдеттердің қайсысы сізге көбірек тән?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін	45,7	37,6	33,5	38,9
24:00-ден кейін жатамын немесе күніне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	35,3	36,6	37,3	36,4
Пайдасыз тамақты жиі жеймін (фастфуд, жартылай фабрикат және т.б.)	28,0	32,1	28,6	29,6
Аз қозғалысты өмір салтын ұстанамын	19,8	17,2	22,8	19,9
Видео ойындарға өте көп уақыт кетіремін	20,2	12,3	8,0	13,5
Темекі, вейп немесе электрондық темекі тартамын	4,6	14,7	19,1	12,8
Аптасына екі реттен жиі алкоголь ішемін	1,5	3,4	4,8	3,3
Балағат сөздер жиі айтамын	10,2	9,9	9,2	9,8
Есірткі қолданамын (оның ішінде өсімдік, синтетикалық сипаттағы есірткі, ауыр есірткі)	0,2	0,1	0,3	0,2
Құмар ойындарын ойнаймын (ұтыс тігу және т.б.)	0,3	1,2	1,6	1,1
Көп ұйықтаймын	0,2	0,0	0,0	0,1
Ерінемін	0,0	0,1	0,0	0,1
Зиянды әдеттерім жоқ	7,9	9,0	7,7	8,2
Жауап беруге қиналамын	6,5	3,1	5,8	5,2

Қала жастары ауыл құрдастыраныя қарағанда зиянды өмір салтына, әсіресе тамақтану, кеш ұйықтау немесе ұйқының жетіспеуі мен аз қозғалуған көбірек бейім (№17 кесте).

№17 кесте.

«Төмендегі жаман әдеттердің қайсысы сізге көбірек тән?» деген сұраққа жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	Қала	Ауыл	Іріктеме бойынша барлығы
Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін	40,9	36,4	38,9
24:00-ден кейін жатамын немесе күніне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	39,8	31,9	36,4
Пайдасыз тамақты жиі жеймін (фастфуд, жартылай фабрикат және т.б.)	33,4	24,6	29,6
Аз қозғалысты өмір салтын ұстанамын	23,6	15,2	19,9
Видео ойындарға өте көп уақыт кетіремін	14,4	12,3	13,5
Темекі, вейп немесе электрондық темекі тартамын	13,2	12,4	12,8
Аптасына екі реттен жиі алкоголь ішемін	10,9	8,3	9,8
Балағат сөздер жиі айтамын	3,6	2,8	3,3
Есірткі қолданамын (оның ішінде өсімдік, синтетикалық сипаттағы есірткі, ауыр есірткі)	0,8	1,4	1,1
Құмар ойындарын ойнаймын (ұтыс тігу және т.б.)	0,2	0,2	0,2
Көп ұйықтаймын	0,0	0,1	0,1
Ерінемін	0,1	0,0	0,1
Зиянды әдеттерім жоқ	6,1	11,0	8,2
Жауап беруге қиналамын	5,6	4,5	5,2

Бөлім бойынша қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, денсаулық проблемалары туындаған жағдайда жастар медициналық мамандардың көмегіне жүгінуге бейім деген қорытынды жасаймыз. Медициналық көмекті мемлекеттік клиникаларда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде алған дұрыс. Ақылы медициналық қызметтерге жүгіну және өзін-өзі емдеу тәжірибесі сияқты жайттар респонденттердің жасына қарай арта береді.

Зерттеуге қатысушылардың көпшілігі жаман әдеттердің, зиянды өмір салтының бар екенін мойындайды. Көбінесе бұл әлеуметтік желілерде өткізілетін уақыт, кеш ұйықтау немесе ұйқының жеткіліксіздігі, дұрыс тамақтанбау және аз қозғалу. Өмір салтындағы айырмашылықтар жас ерекшеліктер мен «қала-ауыл» бөлінісіндегі байқалады.

ДЕНСАУЛЫҚ

Медициналық көмек алу практикасы мен шарттары



Соңғы жыл ішінде денсаулық жағдайы тұрақты болды

Бұл көрсеткіштің жас топтары бойынша таралуы біркелкі

Респонденттердің негізгі бөлігінің денсаулығы жақсарды

13,4%

денсаулық дәлірегі, жақсарды

16,7%

денсаулық жақсарды



Денсаулығының жақсаруы 14-18 жас тобында жиі байқалды:

14,5%

денсаулық дәлірегі, жақсарды

20,3%

денсаулық жақсарды



Денсаулығының нашарлауы 24-28 жас тобында жиі байқалды:

12,5%

дәлірегі, нашарлады

3,1%

нашарлады

51,6%

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде мемлекеттік клиникаларға жүгінеді

22,6%

ақылы медициналық қызмет алу үшін жеке клиникаларға барады

16,8%

интернеттегі ақпаратқа немесе кеңестерге негізделген өзін-өзі емдеу

14-18 жас аралығында:



56,4%

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде мемлекеттік клиникаларға жүгінеді

19,4%

ақылы медициналық қызмет алу үшін жеке клиникаларға барады

13,2%

интернеттегі ақпаратқа немесе кеңестерге негізделген өзін-өзі емдеу

Жасы ұлғайған сайын өзін-өзі емдеу үрдісі байқалады:

17,1%

19-23 жастағы топта

20,1%

24-28 жас тобында



Ақылы медициналық қызметтерге жүгінулер саны жасына қарай артып келеді:

24,4%

19-23 жастағы топта

24%

24-28 жастағы топта

Жасы ұлғайған сайын ауруды «өз бетімен» жібермей, ештеңе жасамайтындардың саны азаяды:



4,4%

14-18 жас




3,3%

19-23 жас



1,6%

24-28 жас



Барлық сұралғандардың ТМККК шеңберінде медициналық көмек алады

71,5%

14-18 жас аралығында

63,8%

24-28 жас аралығында

12,1%

жас аралығындағы респонденттердің ақылы қызметтерді қалайды, өйткені емханаға тіркелмеген/тіркелуі жоқ




18,7%

19-23 жас аралығындағы респонденттердің ақылы түрде тексерілген жеке клиникаларға жүгінеді

ӨМІР САЛТЫ МЕН ӘДЕТТЕР



Ең тән жаман әдеттер (бүкіл іріктеме бойынша):



8,2%

жаман әдеттері жоқ

көпшілігі

19-23 жас аралығындағы респонденттер

Респонденттер жиі:



3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы олардың материалдық және әлеуметтік әл-ауқатын, өмір деңгейі мен сапасы, өмірге қанағаттануы, болашаққа деген сеніммен тығыз байланысты категорияларды талдау арқылы ашылады. Дәстүр бойынша, бақуатты адам – бұл жақсы білімі, ұнайтын жұмысы, ақпараттық технологияларға қолжетімді, сапалы өнімдер мен киім сатып алатын, тұрақты кірісі бар адам. Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалауда қоғамда мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің, кепілдіктердің, медициналық және әлеуметтік көмекке қолжетімділіктің болуы маңызды.

Жастардың әл-ауқаты туралы айтатын болсақ, маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыратын немесе қанағаттандырмайтын құндылық ұстанымдарын, жеке сипаттамаларын, қоршаған орта жағдайларын, күш-жігер мен қол жеткізілген нәтижелерге сәйкестігін ескеру қажет. Бір жағынан, жастар бастамашылдықты, жауапкершілікті, әлеуметтік маңызды қызметке қосылуды талап етеді, екінші жағынан, оларды әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақсыздығын түсініп, көптеген әлеуметтік кедергілердің болуына және шектеулі өмірлік тәжірибеге байланысты халықтың осал санатына жатқызады.

3.1 Материалдық әл-ауқат деңгейі

Респонденттердің көпшілігінің материалдық әл-ауқатының деңгейі «ақша тамақ пен киімге жеткілікті, бірақ ұзақ мерзімді тауарларды сатып алу қиын» (36,1%) немесе «ақша автомобиль немесе пәтер сияқты өте қымбат сатып алудан басқа барлығына жеткілікті» (32,1%) деп анықталады.

Респонденттердің 11,4% материалдық қиындықтар жоқ және қажет болған жағдайда автомобиль немесе пәтер сатып алуы мүмкін. Осылай деп көбінесе 14-18 жас тобындағы (15,2%), сирек – 24-28 жас тобындағы (8,6%) респонденттер жауап берді.

Тамақтануға ақшасы бар, бірақ киім сатып алу қиындық тудыратын респонденттердің үлесі 14,9% құрайды. Көрсеткіштер барлық жас топтары бойынша біркелкі бөлінген және 14,2-15,9% диапазонында қамтиды.

Ақша тіпті тамақ сатып алуға да жетпейді деп, немесе материалдық қиындықтарды 1,9% респондент бастан кешеді. Көбінесе мұндай жауапты 24-28 жас аралығында респонденттер берді (№18 кесте).

№18 кесте.

«Сіздің отбасыңыздың материалдық әл-ауқатының деңгейін қалай анықтайсыз?» деген сұраққа жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %

Жауаптың нұсқалары	14-18	19-23	24-28	Іріктеме бойынша барлығы
Бізде қаржылық қиындықтар жоқ және қажет жағдайда автокөлік немесе пәтер сатып алуға мүмкіндік бар	15,2	10,5	8,6	11,4
Табысымыз автокөлік немесе пәтер сияқты дүниелерден басқаның барлығына жеткілікті	30,8	33,7	31,9	32,1
Ақша тамақ пен киімге жетеді, бірақ ұзақ уақыт пайдалану тауарларын сатып алу қиын	32,4	37,3	38,6	36,1
Ақша тамаққа жетеді, бірақ киім сатып алу қиындық тудырады	15,9	14,7	14,2	14,9
Ақша тіпті тамаққа да жетпейді	0,9	1,3	3,4	1,9
Жауап беруден бас тарту	1,2	1,2	1,0	1,2
Жауап беруге қиналамын	3,6	1,3	2,2	2,4

